

«ҚЫЗ ЖІБЕК» ЖЫРЫНЫҢ ЛИНГВОПОЭТИКАСЫ: ГЕНДЕРЛІК АСПЕКТ

Есқазина Аида Айғазықызы

1-курс магистранты

aida.eskazina@bk.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация. Тіл ғылымында гендерлік бағытты қалыптастыру ауызша, жазбаша тараған мұралар негізінде іске асары хақ. т.б. Соның ішінде көркем мәтіндердегі гендер көрінісін стильдік қырынан зерттеудің де өзіндік мәні бар. Әйел мен ер адам тілінің ұлттық-этникалық деңгейдегі гендерлік айырмасы кез келген дәуір ақындарына (жазушыларына) тән. Халық ауыз әдебиетінде гендерлік сипат анық бейнеленген.

Қазақ лиро-эпостық жырлары ұлттық дүниетанымның, эстетикалық талғамның, әлеуметтік-мәдени құндылықтардың көркем көрінісі болып табылады. Солардың ішінде Қыз Жібек жырлары ерекше поэтикалық құрылымымен, тілдік өрнегімен және гендерлік сипаттағы бейнелеу жүйесімен дараланады. Жырда әйел мен ер бейнесі тек сюжеттік қызмет атқармайды, сонымен бірге ұлттық мәдени кодтың, әлеуметтік қатынастардың және қазақ қоғамындағы гендерлік ұстанымдардың көркем моделі ретінде көрінеді. Сондықтан «Қыз Жібек» жырларының лингвопоэтикалық табиғатын гендерлік аспектіде қарастыру – қазіргі тіл ғылымдағы маңызды бағыттардың бірі.

Лингвопоэтика мәтіндегі тілдік бірліктердің эстетикалық, экспрессивтік және концептуалдық қызметін зерттейді. Ал гендерлік талдау әйел мен ер образдарының тіл арқылы берілу ерекшелігін, олардың әлеуметтік мәртебесі мен мәдени репрезентациясын анықтауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда «Қыз Жібек» жырындағы поэтикалық тіл тек көркемдік құрал емес, сонымен қатар гендерлік дүниетанымды қалыптастырушы семиотикалық жүйе ретінде танылады.

Түйін сөздер: *лирозпостық жырлар, поэтикалық тіл, гендерлік поэтика, ер бейнесі, әйел бейнесі.*

Қыз Жібек бейнесінің поэтикалық репрезентациясы

Жырдағы Қыз Жібек образы қазақ эстетикасындағы идеал әйел концептісінің көркем моделі ретінде сипатталады. Оның бейнесін сомдауда эпитеттер, теңеулер, метафоралар, гипербодалар кеңінен қолданылады. Мәселен:

“Ақ маңдайы жалтылдап,

Құндыздай шашы жылтылдап” [1, 228-б].

Мұндағы “ақ маңдай” эпитеті тек сыртқы сұлулықты емес, әйелдің рухани тазалығын, адалдығын, парасаттылығын білдіреді. Қазақ танымында “ақ” түсі тазалық пен киеліліктің белгісі ретінде қабылданады [2]. Демек, Жібек бейнесіндегі түстік символика гендерлік идеализацияның маңызды компоненті болып табылады. Жырда Қыз Жібектің портреттік сипаттамасы ерекше мол берілген:

“Қыз Жібектің ақтығы

Наурыздың ақша қарындай” [1, 108-б].

Бұл теңеу әйел сұлулығын табиғат құбылыстарымен сабақтастыра сипаттайды. Мұнда нәзіктік, тазалық, эстетикалық үйлесім секілді ұғымдар концептуалданған. Әйел образының табиғатпен байланыста суреттелуі түркі халықтарының поэтикалық дәстүрінде жиі кездеседі [3, 67-б.].

Қыз Жібек сөйлеу мәдениеті арқылы да ерекшеленеді. Оның репликаларында эмоциялық-экспрессивтік реңк басым. Лексикалық таңдаулардан инабаттылық, сабырлылық, парасат байқалады. Бұл әйелдің дәстүрлі қоғамдағы коммуникативтік моделін көрсетеді. Әйел сөзі жырда жұмсақ интонациямен, бейнелі тіркестермен, эвфемистік құрылымдармен беріледі.

Жырдағы ер бейнесі – батырлық пен романтикалық сезімнің синтезі. Төлеген дәстүрлі батырлар жырындағыдай тек жауынгер емес, махаббат жолында күресуші кейіпкер ретінде танылады. Бұл оның гендерлік моделінің күрделілігін көрсетеді. Төлегеннің тілдік портретінде динамикалық етістіктер жиі кездеседі: “ізdedі”, “жөнелді”, “сұрады”, “аңсады”. Мұндай етістіктер ер адамның әрекет субъектісі ретіндегі позициясын айқындайды. Гендерлік тұрғыдан алғанда, ер адам кеңістік игеруші, шешім қабылдаушы тұлға ретінде бейнеленеді. Сонымен қатар жырда ер азаматтың эмоционалдық әлемі де терең ашылады. Төлегеннің Жібекке деген сезімі арқылы ер адамның ішкі психологиясы көркемдікпен суреттеледі. Бұл қазақ эпосындағы маскулиндік моделдің тек күшке емес, сезімге де негізделетінін дәлелдейді.

Жыр мәтінінде әйел мен ерге қатысты бинарлық оппозициялар айқын байқалады:

Әйел образы	Ер образы
нәзіктік	батырлық
сұлулық	күш
тұрақтылық	қозғалыс
эмоция	әрекет
эстетика	ерлік

Бұл қарама-қарсылықтар жырдың композициялық құрылымын қалыптастырып қана қоймай, қазақ қоғамындағы гендерлік рөлдердің дәстүрлі моделін танытады.

Гендерлік рөлдер – белгілі бір қоғамда, тарихи жағдайда қолданылатын әлеуметтік-мәдени нормаларға сәйкес ерлер мен әйелдерге берілетін әлеуметтік рөлдер. Соған сай, әрбір жыныс өкілінің қоғамда міндетті деп танылған сөйлеу әдебі, мінез-құлық, дене қимылы т.б. талаптардың орындалуы шарт. Әлбетте, гендерлік рөлдер әр қоғамда, әр түрлі этномәдени, діни, әлеуметтік топтар мен жіктер арасында бірдей емес *Гендерлік рөлдер* – белгілі бір қоғамда, тарихи жағдайда қолданылатын әлеуметтік-мәдени нормаларға сәйкес ерлер мен әйелдерге берілетін әлеуметтік рөлдер. Соған

сай, әрбір жыныс өкілінің қоғамда міндетті деп танылған сөйлеу әдебі, мінез-құлық, дене қимылы т.б. талаптардың орындалуы шарт. Әлбетте, гендерлік рөлдер әр қоғамда, әр түрлі этномәдени, діни, әлеуметтік топтар мен жіктер арасында бірдей емес [4, 35-б.].

Әйел бейнесі көбіне ішкі кеңістікпен байланысты суреттелсе, ер адам сыртқы кеңістік субъектісі ретінде көрінеді. Қыз Жібек көш ішінде, сән-салтанат ортасында бейнеленсе, Төлеген жол үстінде, ізденіс барысында сипатталады. Мұндай кеңістіктік оппозиция гендерлік дүниетанымның поэтикалық көрінісі болып табылады. «Қыз Жібек» жырында символдық лексика ерекше қызмет атқарады. Әйел бейнесіне қатысты “ақ”, “жібек”, “маржан”, “гауһар” секілді сөздер жиі ұшырасады. Бұлар нәзіктік пен асылдықтың символдары. “Жібек” атауының өзі метафоралық мәнге ие.

Жібек – жұмсақтықтың, сұлулықтың, қымбаттылықтың белгісі. І. Кеңесбаев жалқы есімдердің мағынасын зерттеп, ол әр кісі есімдерінің сыртында сараңдық, жомарттық, шынайы махаббат құрбаны т.б. сияқты белгілердің болатынын айтып, Қарабай, Шығайбай, Ләйлі-Мәжнүн, Атымтай жомарт, Қожанасыр, Қодар, Қыз Жібек пен Төлеген есімдерін талдайды [5]. Демек, кейіпкер есімі оның табиғатын алдын ала айқындайтын семиотикалық код болып табылады.

Ал ер адамға қатысты “садақ”, “найза”, “тұлпар” секілді символдар қолданылады. Бұлар күш, ерлік, қозғалыс ұғымдарын білдіреді. Осылайша жырдағы символикалық өріс әйелдік және ерлік бастаулардың көркем жүйесін құрайды.

Лингвостилистикалық ерекшеліктер

Жырдың гендерлік поэтикасын ашуда дыбыстық ұйымдасу да маңызды. Қыз Жібекке қатысты жолдарда әуезді, үнді дыбыстар мол кездеседі. Ал ерлік эпизодтарында қатаң дауыссыздардың жиілігі артады. Бұл фонетикалық

деңгейдегі эмоционалдық кодтаудың көрінісі. Синтаксистік құрылымдарда да айырмашылық бар. Әйел сөзі көбіне жайылма, эмоциялық сөйлемдер арқылы берілсе, ер адам репликаларында бұйрықтық, нақты құрылымдар басым келеді. Мұндай ерекшеліктер гендерлік сөйлеу стилінің ұлттық моделін көрсетеді. Фразеологиялық бірліктер де гендерлік мағына жүктейді. Мысалы, “қыздың жолы жіңішке” тәрізді танымдық құрылымдар әйел мінезінің әлеуметтік нормаларын танытады. Бұл – тілдегі мәдени таптаурындардың көрінісі.

Жырдағы әйел образы тек жеке тұлға емес, ұлттық мәдениеттің символы ретінде көрінеді. Қыз Жібек – сұлулықтың, инабаттылықтың, адалдықтың концептілік моделі. Оның бейнесі арқылы қазақ қоғамындағы әйелге қойылатын моралдық-этикалық талаптар көрінеді.

Ал Төлеген образы арқылы ер азаматтың мәртебесі, жауапкершілігі, еркіндігі концептуалданады. Осылайша жырдағы гендерлік жүйе ұлттық дүниетаныммен тікелей сабақтасып жатыр.

Гендерлік поэтика мәтіндегі тілдік құралдар арқылы ұлттық санадағы әйелдік және ерлік архетиптердің қалай қалыптасқанын көрсетеді. Бұл жырдың тек әдеби мұра емес, этномәдени код екенін дәлелдейді.

Қорытынды

Қыз Жібек жырының лингвопоэтикасын гендерлік аспектіде талдау жырдың көркемдік жүйесіндегі әйел және ер образдарының терең семантикалық құрылымын анықтауға мүмкіндік береді. Жырдағы эпитеттер, теңеулер, символдар, дыбыстық ұйымдасу мен синтаксистік құрылымдар гендерлік мағына қалыптастырушы маңызды поэтикалық құралдар ретінде қызмет етеді.

Қыз Жібек бейнесі арқылы қазақ эстетикасындағы идеал әйел концептісі танылса, Төлеген образы арқылы ұлттық маскулиндік модель көрінеді.

Гендерлік бинарлық оппозициялар жырдың композициялық әрі концептуалдық негізін құрайды. Сондықтан «Қыз Жібек» жыры – қазақ халқының гендерлік дүниетанымын, мәдени құндылықтарын және эстетикалық танымын танытатын аса маңызды лингвомәдени мәтін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бабалар сөзі: Жүзтомдық.—Астана: «Фолиант», 2009 Т. 53: Ғашықтық жырлар. – 456 бет.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.
3. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 336 б.
4. Шоқым Г.Т. Гендерлік лингвистика негіздері: оқулық. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 б.
5. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1987. – 352 б.